

Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 5 сәуір N 363

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің қоса беріліп отырған Ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қаржы агенті ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері есебінен сатып алынған және олардың портфелінде жатқан, теңгемен номинацияланған мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді және ұлттық жинақ облигацияларын 1999 жылғы 3 сәуірдегі жағдай бойынша айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларға айырбастау арқылы айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығаруды ұйымдастырсын.

3. Айырбастау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне (мәлімет үшін

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі комиссиясына) зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялардың жазбаша өтініштерді ерікті негізде беруі жолымен 1999 жылдың 8 сәуіріне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Үкіметінің 1999 жылғы
5 сәуірдегі
N 363 қаулысымен
бекітілген

Айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік
облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің
Ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже айналыс мерзімі бес жыл арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығарудың, айналысының және өтеудің (бұдан әрі - арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар) тәртібін белгілейді.

2. Атаулы құны 100 АҚШ доллары болатын арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды (АВМЕКАМ) жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін қорғау мақсатында Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Эмитент) шығарады.

3. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды шығару, зейнетақы активтері есебінен жинақтаушы зейнетақы қорлары сатып алған, теңгемен номинацияланған және арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларда 1999 жылдың 3 сәуіріндегі жағдай бойынша олардың портфелінде жатқан мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер мен ұлттық жинақтаушы облигацияларды алмастыру жолымен іске асырылады.

4. Айырбастау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер мен ұлттық жинақтаушы облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуы және теңгемен түскен түсімдерді арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды төлеу үшін пайдалануы жолымен іске асырылады. Сатып алу мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер мен ұлттық жинақтаушы облигациялардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген ағымдағы құны бойынша жүргізіледі. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды сатып алу бір АҚШ долларына 88,3 теңге бағамы бойынша теңгемен жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.10.28. N 1369

қаулысымен. P011369_

5. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар иелеріне өтеу кезінде олардың атаулы құнын алуға және жылына 6,14 % мөлшерінде сыйақы (мүдде) алуға құқық береді, бұл ретте тиісті кезеңге арналған сыйақы сомасын есептеу үшін арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар айналысының есепті кезеңдегі күнтізбелік күнінің саны және жылдағы 365 күн пайдаланылады. <*>

Ескерту. 5-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.04. N 1201

қаулысымен. P001201_

6. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар құжатсыз нысанда болады, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" жабық акционерлік қоғамында (бұдан әрі - Депозитарий) оларды ұстаушылардың "депо" шоттарында және олардың инвесторлары бойынша мемлекеттік бағалы қағаздар рыногында Бастапқы Диллерлерде ашылған "депо" шоттарында тиісті жазбалар жүргізу жолымен орналастырылады және айналысқа енгізіледі.

7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды өтеуді жүзеге асыратын Қаржы агенті болады. Эмитент пен Қаржы агенті арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен және осы Ережемен реттеледі.

2. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялардың айналысы

8. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялардың айналысы 1999 жылдың

12 сәуірінен басталады.

9. Қайталама рынокта арнайы валюталық мемлекеттік облигациялармен жасалатын барлық операциялар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларға меншік құқығын есепке алу және ауыстыру арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды ұстаушылардың жазбаша тапсырмалары және/немесе электрондық тапсырмалары негізінде сатушы мен сатып айтушының "депо" шотына тиісті жазбалар жасау жолымен Депозитарий арқылы іске асырылады.

3. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларға сыйақы
(мүдде) төлеу және оларды өтеу

11. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар бойынша жылына 6,14 % мөлшерінде сыйақы (мүдде) ставкасы белгіленеді.

12. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақыны (мүддені) есептеу олар орналастырылған күннен - 1999 жылдың 9 сәуірінен басталады.

13. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар бойынша сыйақыны (мүддені) төлеу арнайы валюталық мемлекеттік облигациялардың орналастырылған кезінен бастап әрбір 6 ай сайын (182-183 күнтізбелік күн), яғни төлем жасалатын күнгі нарықтық конъюнктураға сүйене отырып белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен өтелген күнге дейін жыл сайын 9 қазанда және 9 сәуірде жүргізіледі.

14. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды өтеу күні - 2004 жылдың 8 сәуірі.

15. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды өтеу төлем жасалатын күнгі нарықтық конъюнктураға сүйене отырып белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен олардың атаулы құнын төлеу арқылы жүргізіледі.

16. Қаржы агенті арнайы валюталық мемлекеттік облигациялардың айналысы аяқталатын күнге дейін және/немесе олар бойынша сыйақы (мүдде) төленетін күнге дейін Эмитентке мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы әрбір Бастапқы Дилер бойынша сыйақы (мүдде) есептеу немесе өтеу жүргізілетін арнайы валюталық мемлекеттік облигациялардың мөлшері туралы мәліметтерді қамтитын жиынтық ведомості жібереді.

17. Арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды өтеу және олар бойынша сыйақы төлеу, Депозитарийдің деректері негізінде қалыптастырылатын Қаржы агентінің жиынтық ведомосіне сәйкес мемлекеттік бағалы қағаздар нарығындағы Бастапқы Дилердің шотына ақша аудару арқылы, республикалық бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

18. Эмитент арнайы валюталық мемлекеттік облигацияларды (оның ішінде оларды басқа мемлекеттік бағалы қағаздарға ауыстыруға ұсыну жолымен) сыйақы есептеудің кезекті кезеңіндегі іс жүзінде айналыста болған уақыт үшін сыйақы төлей отырып, мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асыруға құқылы.

Мерзімінен бұрын өтелетін арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар бойынша төлемдер, мерзімінен бұрын өтеу күнінің алдындағы күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

Эмитенттің мерзімінен бұрын өтеу туралы шешімі, өз кезегінде, ол бұл

туралы 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бастапқы дилерлерге хабарлайтын, мұндай өтеу күніне дейін 10 жұмыс күні бұрын Қаржы агентіне (келісім бойынша) хабарланады.

<*>

19. Арнайы валюталық мемлекеттік облигациялармен жасалатын операциялар бойынша салық салудың тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес анықталады.

<*>

Ескерту. 18-19-тармақтармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.08.04.

№ 1201 қаулысымен.

P001201_

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Икебаева А.Ж.